

**Уақытша кедендік декларацияны толтыру және уақытша декларациялау
рәсімдерін пайдалана отырып кедендік ресімдеудің ережесін бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 20 мамырдағы N 218 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 4 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2347. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік комитеті төрағасының 2006 жылғы 27 маусыдағы N 220 бұйрығымен.

***Ескерту: Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Кедендік комитеті төрағасының 2006 жылғы 27 маусыдағы N 220 бұйрығымен .***

Уақытша кедендік декларацияны толтыру және тауарларды уақытша декларациялау рәсімдерін пайдалана отырып кедендік ресімдеуді оңтайландыру және жеңілдету мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған уақытша кедендік декларацияның рәсімдерін пайдалана отырып кедендік ресімдеудің ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін .

3. Баспасөз қызметі осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Энергия ресурстарына кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасы (Н.Ғ.Досмұратова) осы бұйрықты іске асыруды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының бірінші орынбасары А.Қ. Ержановқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының
2003 жылғы 20 мамырдағы
N 218 бұйрығымен
бекітілген

**Уақытша декларациялау рәсімдерін пайдалана отырып,
уақытша кедендік декларациялау мен кедендік ресімдеуді
толтырудың ережесі**

Ескерту: Ереженің және қосымшалардың бүкіл мәтіні бойынша "КБ" деген қысқартылған сөздер "КБД" болып өзгертілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 8 шілдедегі N 299 бұйрығымен .

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің (бұдан әрі - Кеден кодексі) 55, 112, 219 және 387-баптарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын уақытша декларациялау рәсімдерін пайдалана отырып кедендік бақылау мен ресімдеудің бірыңғай тәртібін айқындайды.

2. Ереже Қазақстан Республикасы кеден органдарының негізгі міндетін ескере отырып, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы кедендік бақылауды және кедендік ресімдеуді жүзеге асыру үшін әзірленді және
м ы н а л а р ғ а :

Қазақстан Республикасының кеден шекарасында Кодекстің және Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз етуге;

Қазақстан Республикасының экономикалық мүддесін қорғау және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

кеден төлемдері мен салықтарын алуға;
кедендік ресімдеуді жүзеге асыру мен жетілдіру, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауар айналымына жағдай жасау, жеделдетуге себепші
б о л у ғ а б а ғ ы т т а л а д ы .

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 8 шілдедегі N 299 бұйрығымен .

3. Тауарларды кедендік ресімдеу тауарлардың тұрған орны бойынша кеден органы қызметінің аймағындағы осы үшін белгіленген орындарда жүргізіледі. Декларанттың дәлелді сұрауы бойынша тауарларды негізгі ресімдеу жөніндегі кедендік операциялар кеден органының орналасқан жерінен тыс және жұмыс уақытынан тыс жасалуы мүмкін. Алушы тіркелген кеден органының аймағынан тысқары жерде негізгі кедендік ресімдеу жүзеге асырылған жағдайда, тауарларды жөнелтуші не оның құрылымдық бөлімшесі, деколларант басқа елдің органының аймағында кедендік операциялардың жасалғандығы туралы х а б а р л а м а б е р у г е м і н д е т т і .

Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 8 шілдедегі N 299 бұйрығымен .

4. Кеден органдарында декларациялауға жататын тауарларды Кодекске, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық кесімдеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес кедендік ресімдеу жүргізіледі.

5. Кодекстің 55 және 439-баптарына сәйкес кеден органдары тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы іс жүзінде өткізілуіне бақылауды өткізу пункттерінде және тауарларды кедендік бақылау орындарда жүзеге асырады.

Кей жағдайларда, Қазақстан Республикасының кеден ісі мәселелері бойынша уәкілетті орган болып нақты өткізу пункттері, кейбір тауар түрлерін кедендік ресімдеу мен бақылау орны белгіленуі мүмкін.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

6. Егер, тауарларды өткізу бірден көп көлік құралдарының түрі пайдалана отырып жүргізілсе, тауарларды өткізуші тұлғаның дәлелденген мәлімдемесі бойынша кеден ісі мәселелері бойынша уәкілетті орган нақты кедендік ресімдеу орнын айқындайды.

7. Осы Ережеде Қазақстан Республикасының Кеден кодексімен айқындалған мәніндегі негізгі ұғымдар, сондай-ақ магистральдық құбыр және электр беру желісімен тасымалданатын тауарлар үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тауарларды қабылдап алу пункті - тауарларды өткізу пункті арқылы бір бағыттағы тауарларды тасымалдаудың бастапқы пункті;

2) тауарларды беру пункті - тауарларды өткізу пункті арқылы меншік құқын беру жүргізілетін, тауарларды тасымалдаудың соңғы пункті;

3) кедендік бақылау орындары - коммерциялық есептеу құралдарын орнату орындарында орналасқан өткізу пункттері және құбыр көлігімен және электр беру желісі бойынша өткізілетін тауарларды қабылдап алу-тапсыру пункттері;

4) алынып тасталды ; < * >

5) тауардың жалпы салмағы - балластпен салмағы;

6) тауардың таза салмағы - балласты есептеп шығарылған салмағы;

7) балласт - судың массалық үлесінің (%), механикалық қоспалардың және Қазақстан Республикасында қолданыстағы мемлекеттік салалық стандарттары (ГОСТ) бойынша зертханалық талдау жолымен анықталған басқа да және құраушылардың массалық үлесінің (%) құрамы;

8) тасымалдаушы - тауарды нақты тасымалдаушы не көлік құралын пайдаланғаны үшін жауапты болатын тұлға;

8-1) орындаушы - электр энергиясын беруді жүзеге асыратын электр беру желілерінің иесі;

9) энергетикалық жүйе (энергия жүйесі) - орталықтандырылған

жедел-диспетчерлік басқарулар кезеңде электр энергиясын өндіру беру, бөлу және электр қуатын тұтынуда үздіксіз технологиялық процестің жалпы режимінің өзара байланысы электр беру желілерінің электр станциялары мен кіші станцияларының жиынтығы;

10) есептеу кезеңі - уақыт кесіндісі, қорытындысы бойынша электр энергиясын жеткізу (айына) тұтынудың нақты теңгерімін құрайды;

11) нақты теңгерім - есептеу кезеңі ішінде электр энергиясының өндірілген, жеткізілген және тұтынылған көлемін белгіленген адреске бөлу құжаты;

12) электр энергиясының өтуі - электр энергиясын электр берудің 1 немесе бірнеше желілері бойынша бір бағытта беру;

13) "ағынды-сальдо" - есептеу кезеңі ішінде (ай) халықаралық электр беру желілері бойынша кеден шекарасы арқылы қарама-қарсы бағытта өткізілетін электр энергиясы ағынының алгебралық сомасы;

14) параллельді жұмыс - электроэнергетикалық жүйе немесе бірыңғай жиілікпен энергия жүйесінің бірлескен жұмысы. Параллельді жұмыстың мақсаты тұтынушының энергиямен жабдықтау сенімділігін тиісті деңгейде қамтамасыз ету, энергия жүйесінде авариялық жағдайды жою, үнемдеушілікті арттыру, қуат резервінің көлемін азайту, уақытша еркін қуатты пайдалану болып табылады;

15) авариялық жағдай - жұмыста көліктік және технологиялық жабдықтардың бұзылуы немесе бұзылу қаупі;

16) авариялық өзара көмек - авариялық жағдайлардың алдын алу немесе жоюды жүзеге асыру мақсатында энергия жүйесінен (не) шет елге электр энергиясын беру.

Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 8 шілдедегі N 299 бұйрығымен, Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

8. Тасымалдаушы және орындаушы үшін Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізу үшін белгіленген тәртіппен ресімделген уақытша жүк кедендік декларациясы (бұдан әрі - УЖКД) негіздеме болып табылады.

Ескерту: 8-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

9. Тауарларды белгіленген тәртіпті бұза отырып өткізген тұлға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылықта болады.

2. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарларды құбыр көлігімен және электр

беру желілері бойынша өткізу кезіндегі алдын ала операциялар мен кедендік рәсімдер

Ескерту: 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

10. Қазақстан Республикасының кеден шекарасына құбыр көлігін пайдалана отырып және электр беру желілері бойынша өткізілетін тауарларды әкелу кезінде күні бұрынғы операциялар мынадай тәртіппен:

1) кеден органдарын Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өткендігі туралы хабардар ету;

2) тауарлардың өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өткізді;

3) тауарларды баратын орнына дейін және олардың құжаттарының ресімдейтін кеден органына жеткізілуін жүзеге асырады.

Ескерту: 10-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

11. Қазақстан Республикасының кеден шекарасына құбыр көлігімен және электр беру желілері бойынша тауарларды әкету кезіндегі кедендік рәсімдеуге мынадай кедендік операциялар кіреді:

1) жөнелту кеден органын, уақытша жүк кедендік декларацияны, құжаттарды және мәліметтерді ұсыну жолымен тауарларды өткізуді жүзеге асыратын адам оларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерлерге әкету ниеті туралы хабарлайды;

2) кедендік ресімдеуді жүзеге асыру;

3) тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кедендік шекарасындағы өткізу пунктіне дейін жеткізу;

4) тасымалдаушының кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы жолымен межелі кеден органын хабардар етуі;

5) тауарларды іс жүзінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан тыс қары әкету.

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

3. Уақытша жүк кедендік декларацияны беру жолымен тауарларды декларациялау кезіндегі кедендік ресімдеу

12. Уақытша декларациялау рәсіміне:

1) құбыр көлігін пайдалана отырып не электр беру желісі бойынша

тауарларды өткізу кезінде;

2) тауарларды өткізуде ЖКД-ны тіркеген күнгі олардың санын, сапасын және кедендік құнын айқындау мүмкін болмаған жағдайда.

Ескерту: 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

13. Бір кеден режимінде мәлімделген, бір сыртқы сауда келісімімен (шартымен) жеткізілген және Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы және бір жөнелтушінің бір алушының мекен-жайына жөнелткен, бір көлік түрімен сол бір өткізу пункті арқылы, жеткізілу көлеміне қарамастан күнтізбелік ай ішінде - электр беру желісі бойынша өткізілетін тауарларды бір партия ретінде декларациялауға болады.

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 8 шілдедегі N 299 бұйрығымен .

13-1. Уақытша кеден декларациясы кеден органына жеткізу басталғанға дейін ұсынылады .

Ескерту: 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

14. УЖКД берумен бір мезгілде кеден органына оның электронды көшірмесі және кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген кедендік ресімдеуді іске асыру, кедендік және валюталық бақылауды жүргізу үшін қажетті басқа да құжаттар мен мәліметтер ұсынылады.

15. Уақытша декларациялау рәсімін пайдалана отырып тауарлар партиясын декларациялау кезінде, ЖКД-ның 31-бағанында декларант күнтізбелік айы мен жылы көрсетілген "... ішінде өткізу" деген қосымша жазба жасайды. Тасымалдаушының кеден шекарасы арқылы тасымалдау үшін тауарларды қабылдауы тауарларды кедендік бақылау орындарында УЖКД-да мәлімделген кезең ішінде ғана жүргізіледі.

16. Тауарларды УЖКД-ны беру жолымен декларациялау кезінде кеден органы УЖКД-ны тіркеу күнінде қолданылып жүрген ҚР заңнамасына сәйкес нормаларды қолданады.

17. УЖКД-ны беруде жеткізудің алдыңғы айы ретінде, сондай-ақ жеткізу айының тауарларды іс жүзінде өткізу басталғанға дейін рұқсат беріледі.

18. УЖКД қолданылып жүрген кеден режимінде мәлімделгендерге қатысты ЖКД-ны толтыру тәртібіне сәйкес толтырылады, мынадай ерекшеліктерді ескере отырып :

1) 1-бағанның үшінші кіші тарауында "Декларацияның түрі" әріптік индексі

көрсетіледі "УД" - "уақытша декларация";

2) көлік құжаттарының нөмірлері мен күні көрсетілместен жоспарланған тауарлар саны көрсетіледі, ЖКД-да мәлімделгендерге жататындардың саны мен сапасына қатысты басқа да мәліметтер, жеткізуге жататын тауарлардың жоспарлы саны есебінен болжалды көрсетіледі;

3) тауардың құнын декларант сыртқы сауда шарты (келісімі) бағасын ескере отырып мәлімдейді. Егер, шартта (келісімде) тауардың бекітілген (нақты, ақырғы) бағасы болмаса және тек ғана оны айқындаудың шарты белгіленсе, сондай-ақ өткізілетін тауарлардың сапасы немесе саны туралы нақты ақпарат кедендік декларация берген күні болмаса, сыртқы сауда шартындағы (келісіміндегі) сатып алу-сатуда бекітілген не күні бұрынғы баға не сыртқы сауда шартымен (келісімімен) сатып алу-сатуды есептеу шартымен белгіленгендерге сәйкес УЖКД-ны берген күнге айқындалған есептеу бағасы пайдаланылады. Өткізілетін тауарлардың шарты бағасына бұлай есептеу жүргізу мүмкін болмаған кезде кеден органы өкімінде бар ақпараттар негізінде жүргізіледі.

19. УЖКД-ны және өзге де құжаттарды қабылдау, тіркеу және кедендік ресімдеу ЖКД-ны беру жолымен декларацияланатын тауарларға қатысты қолданылатын тәртіпке сәйкес кеден органы жүргізеді. УЖКД тіркеу ЖКД-ны тіркеу журналында жүргізіледі.

20. Декларант ұсынған құжаттарда көрсетілген мәліметтер сәйкес келген жағдайда жөнелтуші кеден органының лауазымды адамы көліктік және тауарға ілеспе құжаттарда аталған лауазымды адамның қолымен және жеке нөмірлік мөрімен куәландырылатын УЖКД нөмірі мен тауарлардың шыққан күнін көрсете отырып "Шығуға рұқсат етіледі" деген жазбаны жүргізеді (немесе мөртабан қояды).

21. УЖКД-ның парақтарын бөлу мынадай түрде жүзеге асырылады:

1) бірінші парақ - кеден органында қалдырылады және арнайы мұрағатта сақталады ;

1-1) екінші парақ - кеден органында қалады және кедендік бақылау мақсатында пайдаланылады ;

2) үшінші парағы декларантқа қайтарылады;

3) төртінші парақ декларантқа оны тасымалдаушыға беру үшін қайтарылып беріледі және тауарлардың тасымалдауға рұқсат болып табылады;

4) бесінші парақ :

әкету кезінде кеден аумағы(да) арқылы қазақстандық тауарларды өткізу жүзеге асырылатын басқа мемлекеттің кеден органына ұсыну үшін тауарға ілеспе құжатқа қоса тігіледі ;

тауарды әкелу кезінде кеден органында қалдырылады және кедендік бақылау мақсатында пайдаланылады .

Ескерту: 21-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 8 шілдедегі N 299 бұйрығымен , Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

22. Өткізілген тауарлардың іс жүзіндегі саны УЖКД-да мәлімделген тауарлар с а н ы н а н а с п а у ы т и і с .

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 8 шілдедегі N 299 бұйрығымен .

23. Тауарларды іс жүзінде әкету (әкелу) УЖКД-ы бойынша өткізудің мәлімделген кезеңі ішінде жүзеге асырылмаған жағдайда, УЖКД-ы қайтарылып алынуға т и і с және күшін жоюға жатады.

Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

24. Тауарларды әкету (әкелу) жүзеге асырылмаған жағдайда УЖКД жою, сондай-ақ көліктік және тауарға ілеспе құжаттардағы кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органы лауазымды адамының жүргізген жазуы және кеден штамптарының, мөрлерінің таңбаларын жою, кеден органы лауазымды адамының қолымен және жеке нөмірлі мөрімен расталатын УЖКД-ның "С" бағанында оларды сызып тастау және "Жойылды" жазуын жазу жолымен жеткізу жүзеге асырылмағандығы туралы тасымалдаушы құжатпен растағаннан кейін жүргізіледі.

25. Декларанттағы УЖКД-ның данасы, мұндай тауарларға арналған көліктік және тауарға ілеспе құжаттар, кеден органының лауазымды адамы жүргізген кеден мөрінің, штамптарының және жазбаларының таңбасымен, сондай-ақ тауарды жеткізбеудің немесе толық жеткізбеудің себебі туралы тұлғаның жазбаша түсінігін келесі декларациялауға дейін немесе бір мезгілде декларант кеден органына ұсынады.

26. Толық жеткізілмеген жағдайда, тауарларды Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы іс жүзінде әкетілгендігін (әкелінгендігін) растау - тасымалдаушы растаған құжаттардың негізінде тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылау мен тасымалдау аяқталған Қазақстан Республикасының кеден органы лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен куәландырылған "С" бағанындағы жазбасымен қоса УЖКД-ның көшірмесі болып табылады.

Тауарлардың қалған мөлшері олардың алдағы уақытта жеткізілуі бойынша аталған кеден органында кедендік ресімдеуге жатады

Ескерту: 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

27. Декларант УЖКД мәлімделген тауарлар легі жеткізілгеннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, бірақ УЖКД тіркелген күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен асырмай ТЖКД беруге міндетті.

Тауарларды бағаны айқындау талаптары бар шарт бойынша өткізу кезінде, меншік құқығын Қазақстан Республикасы кедендік аумағының шегінен тыс жерлерге беру кезінде көрсетілген мерзім баға мен мөлшерді айқындау үшін пайдаланылатын коносамент, қабылдап алу-тапсыру актісі ресімделген күннен бастап есептеледі. Егер декларацияланатын тауарлар легіне бірнеше көліктік құжат жасалса, көрсетілген мерзім соңғы көліктік құжат ресімделген күннен б а с т а п е с е п т е л е д і .

Ескерту: 27-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

28. Кеден ісі мәселелері бойынша уәкілетті кеден органының нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес УЖКД-ны тіркеген күні жұмыс істеген кеден органы декларант толтырған және берген ТЖКД-ны қабылдайды және р е с і м д е й д і .

ТЖКД берумен бір мезгілде декларант кеден органына оның магниттік тасымалдаудағы электронды көшірмесін ұсынады.

ТЖКД мынадай ерекшеліктерді ескере отырып толтырылады:

1) "Жалпы декларация/алдыңғы құжат" 40-бағанында УЖКД анықтама нөмірі к ө р с е т і л е д і ;

1-1) ТЖКД-ның 31-бағанында күнтізбелік ай және жыл, сондай-ақ сатып алушыға іс жүзінде берілген тауардың мөлшері көрсетіле отырып, "... ішінде өткізу" деген қосымша жазба жасалады;

2) "Кедендік бақылау" "Д" бағанында кеден органының лауазымды адамы тауардың бағасын есептеу кезінде пайдаланылатын құжаттың күнін қосымша қояды, табиғи газ бен электр энергиясы үшін тауарларды өткізу жүзеге асырылған айдың соңғы күнінің датасын көрсетеді. Аталған жазба кеден органы лауазымды адамының қолымен расталады.

Ескерту: 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

29. ТЖКД-ға және УЖКД-на де бір тіркеу нөмірі беріледі, бұл жағдайда олар бір-бірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл жағдайда ТЖКД нөмірі мынадай элементтерден құралады:

9 9 9 9 9 / 9 9 9 9 9 / 9 9 9 9 9 9 9

1

2

3

1 элементі - кеден органының коды;

2 элементі - УЖКД-ны қабылдаған күн (күні, айы, ағымдағы жылдың соңғы е к і с а н ы) ;

3 элемент - УЖКД-ны тіркеу журналы бойынша берілген УЖКД тіркеу н ө м і р і .

Ескерту: 29-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

30. ТЖКД-ны беру кезінде сатып алушыға іс жүзінде берілген тауарлар табиғи тозу немесе жоғалудың салдарынан саны мен жай-күйінің өзгерістерімен, не тасымалдаудың, тасу мен сақтаудың қалыпты жағдайы кезінде табиғи қасиеттерімен, көлік құралдарында төгілмейтін қалдықтардың болуы салдарынан тауарлар санының өзгерістерімен бірге кедендік ресімдеуге жатады.

Ескерту: 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

31. Келісімнің шартында тауарға есептеу "нетто" салмағы бойынша көзделген жағдайда, ТЖКД-ның 35-бағанында тауарларды кедендік бақылау орындарында тіркелген салмағы көрсетіледі. Тиісінше, ТЖКД-ның 38-бағанында есептеу жолымен алынған есептен шығарылған балластың таза салмағы жазылады.

Есептеу кезінде өткізілетін тауарлардың сапалық сипатын растайтын құжаттарда көрсетілген мәліметтерді басшылыққа алу қажет.

32. Уақытша кедендік декларация берілген кезде нақты сатып алушы айқындалмаған жағдайда, кеден органының рұқсатымен бір сыртқы сауда шарты (келісім-шарты) шеңберінде тауарлар беруге бір уақытша кедендік декларация беріліп, кейіннен нақты сатып алушылардың саны бойынша бірнеше толық кедендік жүк декларациясы мен сатып алу-сату шарты (келісім-шарты) беріледі.

Бұл жағдайда мәміле паспорты әрбір шартқа жеке ресімделеді. Бұл жағдайда ТЖКД-ның тіркеу нөмірінде екінші сан бір ЖКД-да бірнеше ТЖКД-ның ұсынылғандығын білдіреді (мысалы, УД N 50300/10011/0000007, ТД N 50300/15021/0100007, ТД N 50300/22021/0200007 және тағы басқа).

Бірнеше ТЖКД бойынша ресімделген мұнай көлемі УЖКД бойынша ресімделген мұнай көлемінен асуы мүмкін емес.

Ескерту: 32-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

33. Осы Ереженің 32-тармағында көрсетілген ресімдеу тәртібі межелі елді және өткізу пункттерін анықтау мүмкін болмаған жағдайларда да таратылады.

Ескерту: 33-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

34. Сыртқы сауданың кедендік статистикасында және валюталық бақылауды жүзеге асыру үшін тек толық жүк кедендік декларация ескеріледі.

35. ТЖКД-ны жабу кезінде ұсынылған тауарлардың көлемдері туралы мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының к е д е н о р г а н д а р ы :

- 1) тауарлардың күнделікті есебін жүргізеді;
- 2) тасымалдаушының барлық құрылымдық бөлімшелерінен тауарларды кедендік бақылау орындарында тіркелген іс жүзіндегі көлемдері туралы жедел мә л і м е т т е р а л а д ы ;
- 3) ай сайын өлшеу жүйесі құралдарының көрсеткіштерін алады және өткізілген тауарлардың мөлшері туралы актілер (4, 5 және 6-қосымша) жасайды, сондай-ақ тауарлардың көлемдерін айқындау үшін қажетті басқа да өлшеу құралдарынан көрсеткіштер алады;
- 4) тауарларды қабылдап алу-беру актілеріндегі барлық мәліметтер мен деректемелерді және беруші және алушы жақтардың қолдарының дұрыстығын тексергеннен кейін қол қою арқылы және жеке нөмірлік мөрмен куәландырады;
- 5) қажет болған жағдайда, тауарлардың сынамалары мен үлгілерін іріктеуді жүргізеді және Кодексте белгіленген тәртіпке сәйкес оларға зерттеу жүргізеді.

35-1. ТЖКД-ны құбыр көлігімен және электр беру желілерімен өткізілетін сатып алушыға іс жүзінде берілген тауарлар табиғи тозу немесе жоғалудың салдарынан саны мен жай-күйінің өзгерістерімен, не тасымалдаудың, тасу мен сақтаудың қалыпты жағдайы кезінде табиғи қасиеттерімен, көлік құралдарында төгілмейтін қалдықтардың болуы салдарынан тауарлар санының өзгерістерімен бірге, сондай-ақ тасымалдаудың технологиялық ерекшеліктері мен тауарлардың ерекше қасиеттері салдарынан болатын тауарлар жай-күйінің өзгерістерімен бірге к е д е н д і к р е с і м д е у г е ж а т а д ы .

ТЖКД-ны ресімдеу тауарларды кедендік бақылау орындарында тасымалдаушы тіркеген мөлшерге көлемге сәйкес (1, 2, 3-қосымшалар) жүзеге асырылады. Бұл ретте, тасымалдаушы, экспорттаушы (импорттаушы) ұсынатын жедел, коммерциялық және көлік құжаттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы кеден органының талабы бойынша басқа да мәліметтер пайдаланылады.

Ескерту: 35-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

35-2. Кеден органдары тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы құбыр көлігімен және электр беру желілерімен іс жүзінде

өткізілуіне бақылау жасауды Кодекстің 55, 439-баптарына сәйкес 1, 2, 3-қосымшаларда анықталған өткізу пункттерінде және тауарларды кедендік бақылау орындарда жүзеге асырады.

Ескерту: 35-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

4. Энергия ресурстарын декларациялаудың кейбір ерекшеліктері

36. Орындаушымен келісілмеген электр энергиясын жеткізу туындаған жағдайда, ол үш күндік мерзімде бұл туралы кеден органдарын хабардар етеді.

Ескерту: 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 8 шілдедегі N 299 бұйрығымен .

37. Келісім-шарт бойынша декларациялау коммерциялық келісім-шарт болмаған кезде энергия жүйесінің параллель жұмысы туралы және халықаралық электр беру желілерін көрсете отырып параллель жұмыстардағы энергия жүйелері туралы кеден органының жазбаша хабарламасы бар болған кезде электр энергиясының нөлдік сальдо-ағынын жоспарлау жүргізіледі.

Бұл орайда энергия жүйелерінің қатарлас жұмысы кезіндегі есепті кезең ішінде алынған электр энергиясының жоспардан тыс көлемдерін кедендік ресімдеуі осы көлемге азаматтық заңға сәйкес шарт жасалып құжаттар мен кедендік мақсат үшін пайдаланатын мағлұматтар берілген жағдайда жүргізіледі.

Ескерту: 37-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 8 шілдедегі N 299 бұйрығымен .

38. Бұл жағдайда, хабарландыру уақытша жүк кедендік декларация ретінде қаралады. Бірақ, есептеу кезеңі аяқталған сәттен 30 күннен кешіктірмей болған екі тараптың бірі жоспардан тыс электр энергиясының көлеміне ЖКД беріледі. Жүк кедендік декларация, электр энергиясының нақты теңгерімінің негізінде және берілген электр энергиясының көлемін салыстыру актіні ұсыну шарты кезінде ресімделеді.

Ескерту: 38-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 8 шілдедегі N 299 бұйрығымен .

39. Авария жағдайы кезінде жеткізілген электр энергиясы, Кодекстің 370-бабына сәйкес басымдық тәртіппен кедендік ресімдеуге жатады. Авариялық жағдай туындаған сәттен бастап үш тәулік ішінде кеден органына берілген диспетчерлік өтініш, мәлімдеме уақытша жүк кедендік декларация ретінде қаралады. Өтініште, тауарды жөнелтушілер және алушылар туралы, тауардың жіберген және баратын елдері туралы, атауы, тізбесі, саны және тауардың құны, сондай-ақ декларацияланатын тауар орналастырылады деп болжалған кедендік режим туралы, жүк кедендік декларацияны белгіленген мерзімде жеткізу туралы

міндеттеме, кедендік мақсаттар үшін қажетті құжаттар мен мәліметтер
м а з м ұ н д а л у ы т и і с .

Жеткізілген айдың соңғы күнінен бастап 30 күннен кешіктірмей қызмет
аймағында жеткізу жүзеге асырылатын кеден органына ЖКД беріледі.

4 0 - 4 1 . < * >

*Ескерту: 40-41-тармақтар алынып тасталды - ҚР Қаржы министрлігі
Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен
(қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).*

4-1. Құбыр тасымалы мен электр беру желілері бойынша өтетін тауарлардың транзиті

*Ескерту: 4-1-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік
бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (*
қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

41-1. Халықаралық электр беру желісі бойынша Қазақстан Республикасының
кеден шекарасы арқылы шектес елдердің электр энергиясының ағындарын
декларациялау, олардың электр беру желілері бойынша шектес елдердің кеден
аумағы арқылы Қазақстандық электр энергиясының ағындары сияқты тең,
энергия жүйесінің параллель жұмыстары кезінде, иелері туралы, есептеу
кезеңіндегі ағындар көлемі және электр энергиясының шартты құны туралы
мәліметтерді ұсыну жолымен "тауарлар транзиті" кеден режимінде декларант
УЖКД немесе ЖКД-ың ұсынбастан жүргізіледі.

41-2. Құбыр желісімен және электр энергия беру желілері арқылы өткізілетін
тауарлардың транзитін декларациялауды жөнелтуші (сатушы), алушы (сатып
алушы), жөнелтілетін ел, межелі ел, тауарлардың мөлшері, құны туралы
мәліметтер беріле отырып және өткізу пункттері көрсетіле отырып 9-1-
қосымшасына сәйкес нысан бойынша кеден органдарын хабардар ету жолымен
тауарлардың өткізілуі басталғанға дейін оңайлатылған тәртіппен отандық
өткізуші немесе кеден брокері жүзеге асырады. Бұл ретте хабарламаларды тіркеу
10-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы журналда жүргізіледі.

Тауарлар өткізілген айдың соңғы күнінен бастап 30 күннен кешіктірілмей
есепті кезең ішінде әрбір арналы құбыр желісі мен электр беру желілері бойынша
тауарлардың транзиттік көлемі партиясына арналған ЖКД толтырылады.

5. Кеден төлемдері мен салықтарын төлеу, тарифтік емес реттеу шараларын сақтау және басқа да шектеулер

42. УЖКД беру жолымен декларациялау жүзеге асырылатын тауарларға
қатысты тарифтік емес реттеу шараларын сақтау мен шектеулер, Қазақстан
Республикасының рыноктік бағамы бойынша шет ел валютасын Қазақстан
Республикасының валютасы бағамында есептеуді қоса алғанда, кеден органының
уақытша кедендік декларациясында көрсетілген, тіркелген күні қолданыстағы

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Кеден төлемдері мен салықтары УЖКД-ны тіркегенге дейін немесе сол күні төленеді.

Салықтарды төлеудің мерзімін ұзарту Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес беріледі.

43. Егер, жеткізілгендердің қорытындысы бойынша есептелген және кеден төлемдері мен салықтарын төлеуге жататын сомадан УЖКД-да мәлімделгендермен салыстыру бойынша асатын болса, оларға қосымша ақы жүргізіледі. Кеден төлемдері мен салықтарына қосымша ақыны Қазақстан Республикасының кеден органында ТЖКД-ны тіркегенге дейін немесе бір мезгілде төлеуші жүргізеді.

ТЖКД бойынша төлеуге жататын кеден төлемдері мен салықтарының сомасы азайған кезде, артық төленген сома Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамаларына сәйкес қайтаруға немесе төлеушінің өтініші бойынша кейінгі тауарлар партиясы үшін төлеу шотына есептеуге жатады.

44. Кодекстің 531-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, УЖКД жойылған кезде кедендік ресімдеу үшін алынған кеден алымдарын қайтару жүргізілмейді.

Ескерту: 44-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің 2005 жылғы 28 қыркүйектегі N 382 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

45. Валюталық түсімнің түсу мерзімі "Д" бағанында кеден органының лауазымды адамы көрсеткен қосымшамен тауардың соңғы белгіленген бағасының негізінде ТЖКД-ы құжатының күнімен (табиғи газ және электр энергиясын кедендік ресімдеген кезде - тауарды жеткізу жүзеге асырылған айдың соңғы күнімен) есептелінеді.

6. Сәйкестендіру құралын салудың тәртібі

46. Рұқсатсыз қол жетудің және тасымалданатын тауарлар есебінің прибордағы ақпараттарының өзгеруінің алдын алу, есептеу торабына соқпастан тауарларды тасымалдаудың жолын кесу мақсатында, кедендік сәйкестендіру құралдары салынады.

47. Кеден органының лауазымды адамы тасымалдауға жауапты адамның қатысуымен Кодекстің 483-бабына сәйкес сәйкестендіру құралын салуды жүргізеді.

48. Сәйкестендіру құралын тек кеден органының немесе оның рұқсатымен өзгертуде немесе жоюда, егер тауарлар саны мен сапасын өлшеу жұмыстарының қалыпты жүйесінің бұзылуына нақты қауіп не авариялық және өрт қаупі жағдайы болған жағдайларды қоспағанда, мұнда көліктің тиісті қосымша технологиялық желісін қолдануы мүмкін.

49. Тасымалдаушы диспетчерлік қызмет қолда бар байланыс арналары бойынша Қазақстан Республикасының кеден органы салынған сәйкестендіру құралдарының тұтастығын бұзуға әкеп соқтырған себептерге кейін, жазбаша түсінік бере отырып авариялық жағдайларды жою жөнінде жұмыстар жүргізілгендігі туралы хабардар етеді.

50. Салынған сәйкестендіру құралдарының тұтастығын бұзумен және бөлшектеумен байланысты жабдықты күнделікті не күрделі жөндеу бойынша жоспарлы жұмысты жүргізген жағдайда, тасымалдаушының басшысы мұндай жұмысты жүргізердің алдында кемінде 3 тәулік бұрын мұндай жұмыстың жүргізілетін күнін және ұзақтығын көрсете отырып кеден органын құлағдар етеді.

51. Кеден пломбаны салу және алу кезінде кеден органының лауазымды адамы белгіленген нысан бойынша кедендік сәйкестендіру құралын салғаны (алғаны) туралы акт (7-қосымша) жасайды. Акт екі данада жасалады, бірі кеден органында сақталады, екіншісі тасымалдаушыда қалдырылады.

Кедендік сәйкестендіру құралының сақталуы үшін тасымалдаушы жауаптылықта болады.

7. Ақпараттарды беру

52. Тасымалдаушы іс жүзінде бақылайтын кеден органдарына УЖКД-ның көшірмелерін көліктік құжаттарды және тауарлардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілуіне жедел және нақты бақылау жүргізу үшін қажетті басқа да мәліметтерді ұсынады.

53. Тауарларды ресімдеуші кеден органы ресімдеген УЖКД-ның тізілімін (8-қосымша) кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органға және тауарлардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілуіне нақты бақылауды жүзеге асыратын баратын кеден органына ұсынады.

